



ҚАРАХАН

Тарихи-танымдық, әдеби-көпшілік журнал
№2 (68-69) 2019 жыл

Әлітбай



Бекет Тұрғараев

«Жеті Жарғы және Қожаберген жырау» халықаралық
қоғамдық қайырымдылық қорының төрағасы,
ҚР еңбек сіңірген қайраткері - заңгері,
заң ғылымының докторы, профессор



КАРАХАН

Тарихи-танымдық,
ғылыми-көпшілік 2 айда 1 рет
шығатын журнал
НАУРЫЗ-СӘУІР 2019 жыл
№2 (№№68-69)

Журнал ҚР Ақпарат және коммуникация
Министрлігінің Байланыс, ақпараттандыру және
бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы
мемлекеттік бақылау комитетінде 21.09.2018
жылы қайта тіркеліп, №17281-Ж есепке
алу туралы куәлігі берілген.

Директор, Бас редакторы –
САТЫБАЛДЫ ДОСЫМБЕКОВ.

**КОЛДАУШЫЛАР: ҚР ЖОҒАРҒЫ СОТЫ,
РҚБ «АРДАҒЕРЛЕР ҰЙЫМЫ» ОҚ,
ЖАМБЫЛ ОБЛЫСТЫҚ АРДАҒЕРЛЕР ҰЙЫМЫ
ЖӘНЕ «ЕЖЕЛГІ ТАРАЗ ЕСКЕРТКІШТЕРІ»
ТАРИХИ-МӘДЕНИ ҚОРЫҚ-МУЗЕЙІ**

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

АСАНӘЛІ ӘШІМОВ – Қазақстанның Еңбек
Ері, КСРО және Қазақстанның Халық әртісі,
Мемлекеттік сыйлықтың иегері.

ИЛЬЯ ЖАҚАНОВ – Қазақстан мен Қыр-ғызстанның
Еңбек сіңірген қайраткері, ха-лықаралық
сыйлықтардың иегері, Профессор, жазушы, ком-
позитор, музыка зерттеуші, суретші.

МҰҚАШ ЕСКЕНДІРОВ – Қазақстанның Еңбек Ері
«КАЗФОСФАТ» АҚ директоры.

БЕКЕТ ТҮРҒАРАЕВ - «Жеті Жарғы және Қожаберген
жырау» халықаралық қоғамдық қайырымдылық
қорының төрағасы, ҚР еңбек сіңірген қайраткері -
заңгері, заң ғылымдарының докторы, профессор,
меценат. БАС КЕҢЕСШІ.

ЕРКІМБЕК СОЛТЫБАЕВ - Жамбыл облыстық ар-
дагерлер ұйымының төрағасы.

ОҢЛАСЫН ЕСІРКЕПОВ – Облыстық билер
кеңесінің төрағасы.

ТӘКЕН МОЛДАҚЫНОВ – Қазақстанның Мәде-
ниет қайраткері.

МАҚҰЛБЕК РЫСДӨУЛЕТ - жазушы-мұрағатта-
нушы.

УАЛИХАН ҚАЛИЖАНОВ - филология ғылым-
дарының докторы, ҚР ҰҒА академик, М.Әуезов
атындағы ҚР Әдебиет және өнер институтының
директоры.

СЕРІК НЕГИМОВ - ф.ғ.д. профессор, ҚР
қайраткері, Л.Н. Гумилев атындағы Евразия ұлттық
университетінің профессоры.

САҒЫНДЫҚ ОРДАБЕКОВ – Медицина ғылым-
дарының докторы, профессор, журналист.

СӘМЕН ҚҰЛБАРАҚ – филология ғылым-дарының
докторы, профессор, Тараз мем-лекеттік
Университетінің «Дулатитану» ҒЗО директоры.

Тарихи таныммен ұрпақ оседі,
ұлттық сана қалыптасады.
Н.Ә. Назарбаев



МАЗМҰНЫ

С.Досымбеков. Жаңалығы мол - Жапа жыл!.....	4
С. Ашанов. Жамбыл облыстық «Ардагерлер ұйымында».....	7
Б.Түргараев. Абыройы асқақ, белелі биік- Әйтеке.....	11
С.Сүлеймен. Өкпе түбі өкініш.....	16
Д.Әзіретқұлов. Жамбыл облысы: Жанарған билер кеңесі.....	21
С.Әбсадықұлы. Халық даналығының қайнар көзі.....	23
Билердің шешендік сөздері.....	26
Қ.Башенова. Өмір әйелмен көрікті.....	30
Н.Қожамарова. АТЫМТАЙ ЖОМАРТ-ЕРЕН ЕР.....	31
Е.Елеусізов. Асылдың ізі өшпейді.....	32
С.Ашанов. Бөрібасы байрақты Тасбатыр.....	35
Ү.Шанзахап. Қазақстан «Хрущев декадасы» жылдары.....	36
А.Өмірбекова. Меркі қаланыңы.....	38
Б.Шайғозова. Ұлытау петроглифтері.....	40
Ә.Жұмабаева. «Ұлы даланың жеті қыры».....	43
Ж.Айпабекова. «Ескерткіштер ғасырлар куәсі».....	44
А.Мұхтарханов. Шырайлы шығыстың жауһарлары.....	45
Е.Әбдурахитов. «Әл-Фараби іліміндегі...».....	48
Г.Маябасова. Тылсым сыры бар киелі бұйымы.....	50
С.Әлібаев. Басын қосып алаштың.....	53
«Ежелгі Тараз ескерткіштері».....	61-62

Редакция ұжымы:

К. ДӘУРЕНБЕКОВ, Ж. ШІЛДЕБАЕВА, С. АШАНОВ,
С. ӘЛІБАЕВ ЖӘНЕ ФОТО ТІЛШІ ТӨЛЕПБЕРГЕН
СЕЙІТҚАДЫРОВ

Компьютерде беттеуші:

Гауһар ӘБДІБЕКОВА

Баходир АХМЕТОВ

Редакцияның мекен-жайы:

080000 Тараз қаласы,

Х. Бектұрғанов көшесі, 3 үй

Электронды пошта: Karahantarez@mail.ru

Ұялы телефон: 8 707 404 02 49

ТОО «Формат-Принт» баспаханасында
басылып шығарылды. тел.: 8 (7262) 42-52-09

Таралымы: 2300 дана Тапсырыс: 700 дана

Тылсым сыры бар киелі зергерлік әшекей

Г.Ж. Маябасова

«Отырар мемлекеттік археологиялық қорық-мұражайы» РМҚК Этнография, әдебиет және мәдени-көпшілік іс-шаралар бөлімінің ғылыми қызметкері

Қазақ халқының зергерлік өнері ерте замандағы шеберлердің тамаша дәстүрлерін жалғастыра отырып, ғасырлар тереңіне бойлай енген. Қолөнер шығармашылығының осы бір түрі өнердің барлық буынын бойына жинаған десек қателеспейміз. Зергер шеберліктің шыңына жету үшін, заттың кескінін жасауда мүсіншіге тән көркемдік сезімталдығы, ою-өрнек құруда шығармашылық қиялының ұшқырлығы, бейнені кескіндеуде саусағының дәлдігі, түстік үйлесімдік құруда кескіндемешіге тән көкірек түйсігі болғанда ғана жете алады. Қазақ халқының ерте заманнан бастау алған зергерлік өнері халық өмірімен, тарихымен, шаруашылығымен тығыз байланыста дамыды. Адам баласы ежелден әшекей бұйымдарды киімнің ажырамас бөлігі ретінде санаған. Сәндік үшін тағылатын әшекей бұйымдар киім-кешектің талғамдық тартымдылығын арттырумен қоса, адамға игі әсер ететін айрықша магиялық қасиетке ие деген наным-сенімге байланысты да пайдаланылған. Ерте заманнан бастап адамдар сүйектен, ұлутастан жасалған түрлі алқа, білезіктер таққан. Ер адамдар күшін, батырлығын көрсету үшін өзі аулаған аңдардың сүйектерін, тістерін әшекей ретінде пайдаланған, бұл оларды топ арасынан ерекшелеп тұратын болған. Мұндай бойтұмарлар иесіне осы аңның күші мен икемділігін беріп, пәле-жаладан құтқарады деп сенген. Ал қазақ халқында қалыптасқан дәстүр бойынша, қыздар мен әйелдердің әшекейсіз жүруі әдепсіздік болып саналған, өйткені әшекейді тек қаралы күндері тақпайды. Сондықтан

да қазақ қыздары туғаннан бастап өмірінің соңына дейін өзінің жасына және әлеуметтік деңгейіне сай әшекейлер тағып жүретін болған. «Әшекейі жоқ әйел жапырағы жоқ ағашпен тең» деген аталы сөз бар. Тіл-көзден, ауру-сырқаудан сақтау үшін ұлға да, қызға да бір жасынан бастап тағылатын алғашқы әшекейлер: ақ және қара көзмоншақтардан тізілген білезік, үкінің немесе басқа да аңқұстардың күміске орнатылған тырнағы, Құран сүрелері жазылған тұмар. Осы әшекейлермен қоса қыз балаға 4 жасынан бастап құлағын тесіп, кішкентай сырға салатын болған. Қыз балалардың әшекейі бойжеткен сайын көбейіп, көркейіп, құрамы күрделене түседі. 12 жасқа келіп, қалыңдық санатына жеткен қыз бала әшекейлердің толық жиынтығын тағатын болған. Бойжеткеннің сәнді әшекейлерінің жиынтығына омырауға сәнді сырға, бұрым сәнін келтіретін сылдырмақты шолпы мен моншақты алқа, зерлі күміс шынжырлы шашбаулар, түрлі ою-өрнек салынған, асыл тастармен безендірілген білезіктер мен жүзіктер кіреді. Қыз-келіншектердің былғары, тері, барқыт, паршадан тігілген көйлек, қамзол, баскиім, белдік және аяқкиімдері алуан түрлі танакөздермен, күміске тастан көз орнатылған бұйымдармен, сылдырмақтармен, оюлы қапсырмалармен әшекейленген. Тамаша зергерлік бұйымдар, асыл тастар, ою-өрнектер арулардың әсем жүрісіне әдемі үн қосып, сымбатын одан әрі ажарландырып, оның тартымдылығын арттыра түседі. Келін түсірген тойдағы қалыңдық салтанатының әшекейі аса бай болуымен қатар, қалыңдықты тіл-көзден сақтау, дені сау болу, жолы болу, ұрпақ өрбіту, молшылықта өмір сүру деген сиқты мән-мағыналарды қамтыған. Осыған байланысты қыздың жасауы балық, өсімдік түріндегі түрлі ою-өрнектермен толықтырылып отырған.

Уақыт өте келе зергерлік бұйымдардың сәндік рөлі алдыңғы орынға шыға бастады, ал тіл-көзден, бөле-жаладан қорғау қызметі өзінің мәнін сақтап қалғанымен, екінші кезекке ысырылды.

Халық өнерінің, оның ішінде зергерлік және ұсталық кәсіптің даму қарқыны ХІХ-ХХ ғасырларда бірде үдеп, бірде саябырлауы құбылмалы әлеуметтік-экономикалық және саяси жағдайларға байланысты болды. Зергерлердің басты өнімдері қоғамның барлық жіктері арасында үлкен сұранысқа ие әйелдердің зергерлік әшекейлері болғандығы, эстетикалық табиғатына ғана емес, сонымен бірге салт-санаға, дәстүрге, барлық идеялық-діни кешендерге байланысты бірқатар функциялық мән-мағынасына айқын танылған. Қазақ зергерлік өнерінің ерекшелігі шағын түрінің өзіндегі көрнектілігінде және мүсіндік айқындылығында, әшекейлерінің орналасу симметриясы, әшекейі мен негізінің алмасуында.

Мойынға тағылатын әшекейлердің бір түрі-тұмар. Оның тұмарша, бойтұмар деп аталатын түрлерін зергерлер күмістен бұрыштап немесе жұмыр түтікше тәріздендіріп жасаған, ішіне Құран сүрелері жазылған қағаз салынады және басқа да тіл-көзден сақтайтын нәрселер қолданылады. Сонымен қатар үшбұрышты және түтікше бөліктерден тұратын күрделі бойтұмар бар. Тұмарды асыл тастармен немесе металл салпыншақтармен әшекейлеген. Иыққа іліп жүретін тіктөртбұрышты тұмар – сөмке қолтықша деп аталады. Оның ішіне дұға аяттары, көз тиюден сақтайтын қасиеті бар нәрселермен қатар күнделікті қажетті ұсақ-түйек заттар салынады. Тұмардың оң жағына көбінесе араб тілінде «Тәңір жарылқасын» деген сөз немесе Құраннан үзінді жазылған.

Тұмардың бөле-жаладан, тіл-көзден сақтайтын қасиеті ішіндегісіне ғана емес, пішініне де байланысты. Қазақтың зергерлік өнерінде үшбұрыш әлемнің үш деңгейін (төменгі, орта, жоғарғы) және әйел

затының бастауын білдірген. Түтікше пішін ер адамның бастауын, ал үшбұрышпен бірігуі ұрпақ жалғасын, өсіп-өнуді білдіреді. Тұмар мойынға шынжыр арқылы тағылады. Төртбұрышты тұмарды ғана иықтан асыра таққан, ол адамның ең әлсіз жері – қолтықты қорғап тұратындықтан қолтықша деп аталады. Тұмардың өзара ұқсас түрлері Орта Азия, Таяу және Орта Шығыс, Мысыр елдерінің мұсылман халықтары арасында да кеңінен қолданған.

Ықылым заманнан қағаз жоқ, тауар қат кезеңде сауда-саттық жасап алысқа сапар шеккенде немесе соғыс жорықтарына аттанғанда бабаларымыз мал терісінен жүрекке ұқсатып, үшбұрышты етіп тігілген қалташыққа, яғни тұмарға туған жердің топырағын толтырып алып шыққан. Бұл туған жерге деген шексіз құрметтің, перзенттік парыздың белгісі болса керек. Біле білгенге, адам бойындағы бір нәрсеге деген сенімнің өзі үлкен рухани күш. Бүкіл әлемге мәшһүр ғалым әл-Фараби бабамыз туралы халық аузында мынадай бір әңгіме бар: Ұлы ұстаз қартайған шағында бір топ шәкірттерінің басын қосып, «сендерге аманатым бар, егер құпиясын сақтап, шартын орындасаңдар ашамын» дейді. «Аманатқа қиянат жасауға болмайды, айтқаныңызды орындаймыз» деп шәкірттері бір ауыздан уәде береді. Сонда ұлы ұстаз оларға көннен тігілген тұмарды ұсынып, қабірінің басында ашуды өтінеді. Арада көп уақыт өтпей-ақ ұлы ұстаз дүниеден өтеді. Арулап жерлеу рәсімі кезінде уәде бойынша әлгі тұмарды ашып қараса, ішінен тілдей қағаз шығады. Онда «бұл туған жерім – Отырардың топырағы еді. Қабіріме осыны салыңдар» деп жазылған екен дейді. Ғұламаның сол өтініші үлкен тебіреніспен, толқумен орындалады. Данышпанның аты – данышпан, өмірден өтіп жатып та, туған жердің қадір-қасиетін кейінгілерге тағы да бір ұқтырып отыр. Этнограф-ғалым, айтулы қаламгер Ақселеу Сейдімбек ағамыздың мынадай бір жазғаны бар екен, «Аса киелі са-



налатын дәстүрлі ырымдардың бірі – тұмар тағу. Тұмар тағу ырымы – ислам дінінен ада, байырғы түркілік дәстүр. Тәңірлік наным-сенімдегі әрісі – түркілер, бергісі көшпелі қазақ үшін – күн, көк, от, су сияқты жер де киелі. «Қара жер» - киелі жер деген мағынада. Байырғы көшпелілер тағатын тұмардың ішінде туған жердің бір шөкім топырағы болған. Тұмар сөзінің өзі байырғы түркі тілінде «тума иер» - «туған жер» деген сөздердің кірігуінен шыққан. Кейін ислам дінінің орнығуына байланысты тұмардың ішіне дұға жазып салу дәстүрі қалыптасты» деп жазған екен.

Оңтүстікте аты әлемге Ұлы Жібек жолымен, батырлары алты ай бойы берілмей қорғаған қала атымен мәшһүр Отырар ауданында отыз бес жылдық тарихы бар, Отырар археологиялық қорық мұражайының қорында 23000-нан астам жәдігерлер бар. Мұражай қорында жинақталған ұлттық зергерлік бұйымдардың көлемді жиынтығы(коллекциясы) бұл өлкедегі зергерлік мектептің жоғары деңгейде қалыптасып, дамып, өркендегенін көрсетеді. Осынау қазақ мәдениетіне қайталанбас қолтаңбасын қалдырған зергерлер еңбегі үлкен құрметке лайық. Халқымыздың қанына сіңген зергерлік өнері мен болмысымыздың жақұтындай болған зергерлік бұйымдар ұлтымыздың баға жетпес байлығы, мол мәдени мұрасы.

Сондықтанда қазіргі кезде мұражай қызметкерлері қордағы жинақталған әрбір жәдігерлер туралы жеке-жеке сипаттама жазып, коллекциялық кітапша дайындап жатыр. Қордағы бойтұмарлар саны 26 дана. Бойтұмардың көпшілігі ХҮІІІ ғасыр және ХІХғасырдың аяғымен ХХ ғасырға тән. Солардың ішінде бірнешеуіне тоқталып өтер болсақ; мұражай қызметкерлері ел арасынан жәдігерлер жинақтау кезінде тапқан, ХІХ ғасырдың аяғымен ХХ ғасырдың басына жататын бойтұмарды сипаттар болсақ, 800-875 сынамалы күміс.Түтік тәрізді қуыс, алып-

салатын құрастырмалы екі негізгі бөліктен және шынжырбаулардағы жеті салпыншақтан тұрады. Бойтұмардың ұштары дөңес тәріздес болып бітелген. Тұмардың жоғарғы бөлігінде орта көлемді екі ілмекке шынжырбау ілінген. Түтік тәрізді бөлігі алты жерінен шеңбермен құрсауланған. Шеңберлердің арасы төрт жерден зооморфты өрнекпен бедерлеу техникасында әшекейленіп, ұсақ сіркелеумен өрнектелген. Тұмардың төменгі бөлігінде – шынжырбауларға ілінген төрт найза іспеттес шағын ілгек, үш тұмарша және тұмаршаларға үш ілгекке тағы да үш найза іспеттес шағын ілгек ілінген. Салпыншақтардың үсті дөңес, асты жайпақ.

Өресі биік, өрісі кең өнер атауының қай саласынан болсын, жер

жүзіндегі басқа да халықтар сияқты қазақ халқы да өзінің көне замандардан бері келе жатқан тамаша тарихымен және өзіне ғана тән қайталанбастай ерекшелігімен көзге түседі. Ал қандай да болсын өнер және талант иелерін өмірге келтіретін де сол халық. Сондықтан да біз оларды халықтық дейміз. Міне, сол халық таланттарының қолынан шыққан зергерлік бұйымдар, киім үлгілері, тұрмыс жиһаздары, әсем де зәулім ғимараттар қай заманда болмасын өз маңызын жоғалтпайтыны мәлім. Бірақ мұндағы өкінішті жай, сол халық шеберлерінің көпшілігінің есімдері тарихта қалмағандығы. Бұл әрине, ертеде өз жазу-сызуы болмаған қай халықтың болса да басынан өткен жайлар. Дегенмен, ұлттық мәдениетіміздегі дәстүрлі қолданбалы өнер халқымыздың тарихымен, ұлттық болмыс-бітімімен, дүниетанымымен үндесе дамып келе жатыр. Тамырын тереңнен алатын қолданбалы өнердің көрікті де, көрнекті саласы зергерлік өнер атадан балаға, ұстаздан шәкіртке аусып отыратын, тылсым сыры бар киелі де қасиетті өнер, қастерлі кәсіп.